

**Білім беру үдерісіндегі білім беру саясаты,
инновациялар және цифрландыру**

**Образовательная политика, инновации
и цифровизация в образовательном
процессе**

**Educational policy, innovation and
digitalization in the educational process**

FTAMP 14.25.07

Орта мектеп түлегінің құзыреттілік моделі

И. Ө. Сағындықов¹

¹Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы
Қазақстан Республикасы, Астана қ.



Аңдатпа. Мақала орта білім беруді сәтті аяқтау үшін түлектерге қажетті құзыреттіліктерді зерттеу болып табылады. Мақалада орта мектеп түлегінде болуы керек негізгі құзыреттерді анықтау үшін, сондай-ақ білім беру жүйесін бағалау және жақсарту мақсатында түлек моделін құру үшін дереккөздерді сапалы талдау, синтездеу және модельдеу әдістері қолданылды. Сонымен қатар, орта білім беруді сәтті аяқтау үшін қажетті құзыреттіліктерге егжей-тегжейлі талдау жасалады. Құзыреттіліктер арасындағы байланыс пен өзара әрекеттесуді көруге, білім беру бағдарламалары мен оқыту әдістерінің тиімділігін болжауға және бағалауға мүмкіндік беретін түлектердің құзыреттілік моделі ұсынылады. Мақала білім беру жүйесін дамытуға және орта білім беруді сәтті аяқтау үшін қажетті негізгі құзыреттерді анықтауға қызығушылық танытатын мұғалімдерге, ғалымдарға және білім беру мамандарына пайдалы болуы мүмкін.



Кілтті сөздер: мектеп түлегі, құзыреттілік, модель, бағалау, даму.

Кіріспе

Білім беру жүйесін жетілдіру қазіргі қоғамда болып жатқан өзгерістерге байланысты десек қателеспейміз. Бұған, біріншіден, еңбек нарығындағы жағдайдың өзгеруі себеп болып отыр. Сәт сайын өзгеріп жатқан әлемдегі білім беру жүйесі кәсіби әмбебаптылықты – қызмет салала-

ры мен тәсілдерін өзгерту қабілеті сияқты сапаны қалыптастыруы керек. Екіншіден, қоғамда жаһандық ақпараттандыру жүріп жатыр. Білім берудегі құзыреттілікке негізделген көптеген идеяның пайда болуы дәл осыған байланысты болып отыр. Құзыреттілікке негізделген тәсіл бірінші кезекте білім алушының ақпараттан хабардарлығын емес, оның орнына

дүниені тануда, адамдармен қарым-қатынаста, кәсіби өмірде, жеке өзін-өзі тануда туындайтын мәселелерді шешу қабілетін алға қояды.

Материалдар мен әдістер


Дереккөзді сапалы талдау орта мектеп түлегі болуы керек құзыреттерді анықтауға қатысты деректерді жинау және талдау үшін пайдаланылды. Зерттеудің бұл әдісі тақырыпқа енуге және мәселені тереңірек түсінуге, сондай-ақ тақырыптың жаңа аспектілерін ашуға мүмкіндік берді. Алынған деректерді біріктіру және орта мектеп түлегінде болуы керек негізгі құзыреттерді анықтау үшін *синтез* әдісі қолданылды. Зерттеудің бұл әдісі алынған мәліметтерді жүйелеуге және қорытындылауға мүмкіндік берді, бұл негізгі құзыреттерді анықтауға және тұтас көріністі көруге көмектесті. Орта мектеп түлегінің құзыреттілік моделін құру үшін *модельдеу әдісі* қолданылды. Осы әдісті қолдана отырып, құзыреттер арасындағы байланыс пен өзара әрекеттесуді бақылауға мүмкіндік беретін бастауыш сынып, жалпы орта мектеп білім алушыларының құзыреттілік моделі жасады. Модельді білім беру бағдарламалары мен оқыту әдістерінің тиімділігін болжау және бағалау үшін де пайдалануға болады.

«Құзыреттілік» сөзін латын тілінен аударғанда адамның жақсы меңгерген, білімі мен тәжірибесі бар мәселелердің жиынтығын білдіреді. Г. Селевконың айтуынша, құзыреттілік – тұлғаның мақсат қойып, оған жетуі үшін ішкі және сыртқы ресурстарды тиімді ұйымдастыруға дайындығы. Ішкі ресурстарға *білім, білік, дағды, құзыреттілік* (қызмет тәсілдері), *психологиялық ерекшеліктер, құндылықтар* және т.б. жатады [1]. Оқу іс-әрекетінің нәтижесі құзыреттілікке негізделген көзқарас тұрғысынан шешуші негізгі құзыреттілікті қалыптастырудан тұрады. Негізгі құзыреттер деп өзінің сипаты мен құзыреттің қолданылу дәрежесі бойынша неғұрлым әмбебап құзыреттер аталады. Негізгі құзыреттер – тұлғаның түрлі тапсырманы орындау

қабілеті. Олар әрбір оқу пәні аясында қалыптасады. Қазіргі әдістеме бойынша заманауи мұғалім әртүрлі негізгі құзыреттерді қалыптастыру үшін жұмыс істейді. Білім алушылардың құзыреттілігін дамыту мәселелеріне ресейлік көптеген зерттеушінің жұмыстары арналған [2,3,4,5,6,7]

Нәтижелер мен талқылау

Қазіргі өркениетті заманда білім сапасы – кімді де болса, алаңдататын өзекті мәселе. Білім сапасын мемлекеттік құзырлы мекемелер бақылап, арнайы бағдарламалармен бағыттап, білім мазмұнының заман талабына сай орындалуын қадағалап отырады. Сондықтан білім мазмұнына қоғамдағы өзгерістерге лайық мемлекеттік тапсырыс беріледі. Оқытудың негізгі мақсаты болып табылатын білім беру мазмұны мұғалім мен оқушы әрекеті арқылы жүзеге асып, білім меңгеру тетігіне ұласады. Осыдан келіп білімді меңгеру нәтижесі көрініс береді. Сонау ғасырлардан бері жалғасып келе жатқан бұл үрдісті Ресей білім академиясының академигі И.Я. Лернер осыдан ғасырға жуық уақыт бұрын сызбаға түсіріп анықтаған [8]. Осы күнге дейін бұл сызба білімді меңгеру нәтижесімен тұйықталып қалғандықтан, білім сапасына қаншалықты жаңа реформалар жасалғанымен, сапа мәселесі түбегейлі шешімін таппағаны рас. Педагогика саласындағы осы түйінді мәселені анықтаған п.ғ.к. Ә.Ә. Сайлыбаев ұстазы И. Я. Лернердің ойын дамыта түсті [9]. Осыған байланысты Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының ғалымдары нәтижені бағалау керектігін көрсетті және нәтиженің қорытындысы қанағаттанарлық болмаса, білім беру мазмұнына немесе мұғалім әрекетіне оралу керектігін нақтылады [10]. Егер нәтиженің бағасы жақсы болса, әлеуметтік тапсырысқа қайта оралып, заман талабына сай қоғамдық тапсырысты ескеру қажеттігін нақтылап көрсетіп отыр. Бұл бастама білім беру жүйесінің дамуына заманауи леп әкеліп, қарқын беретін болады (*төменде 1-суретте берілген*).



1-сурет – Бағалаудың әлеуметтік тапсырысқа әсері

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының 9-1) тармағында мектеп бітірушіге төмендегідей құзыреттер қойылған:

- 1) имандылық
- 2) зияткерлік
- 3) мәдениеттілік
- 4) денінің саулығы (тәндік саулық) [11].

Білім алушылардың білімін, машық, дағды және қабілеттерін дамытып, олардың құзыретке ие болуы үшін қажетті қызметті лайықты ұйымдастыру мақсатымен әр құзырет, машықты қандай пән, мазмұн (мазмұнның көлемі), іс-әрекет (тәрбиелік іс-әрекет) арқылы қалыптастыратыны-


мызды анықтадық. Оқушылардың білім беру бағдарламасынан алған білімін, машықтары мен дағдыларын бағалау (өлшеу және сипаттау) арқылы әр тұлғаның бойында қалыптасқан құндылықтары мен қарым-қатынастардың көлемін анықтаймыз. Бағалау кешенді және толық болуы үшін құзыреттілікті қалыптастырушы барлық элементті (білімі, машығы, дағдысы, пәндердің мазмұны) ескеруіміз керек. Осы ретте құзыреттерді қалыптастырушы элементтерге жіктейміз және сол элементтерді өлшеу немесе сипаттау жолымен жинақталған көрсеткіштерді қайта топтау арқылы тұлғаны бағалаймыз. Жіктеудің мақсаты – әр элементті өлшенетін немесе сипатталатын түрге жеткізу. Өлшеу немесе сипаттау үшін әлеуметтану мен статистика саласында кеңінен қолданылатын математикалық және психомет-

риялық әдістерді пайдаланамыз. Әр пән бойынша меңгеруге тиіс білім деңгейі болуы керек. Бұған қажетті мазмұны және жас ерекшелігіне байланысты көлемі болады. Мысалы, қазақ тілін меңгергендігі бойынша оқушының тілді білу деңгейі *5 жаста A1 ~ 17 жаста B2* деңгейінде болуға тиісті.

Өлшеу немесе сипаттау үшін әлеуметтану мен статистика саласында кеңінен қолданылатын *математикалық және психометриялық әдістерді* пайдаланамыз. Осыған байланысты тұлғаның білім, білік және өмірде қолдану дағдысын көтеру және тұлғаның білім, тәрбие және дағды сапа-

сын квалиметриялық бағалау мәселесі де өзекті. Бүгінгі күні дұрыс шешім қабылдап, үздіксіз білім беру жүйесінің білім беру деңгейлері бойынша білім алушы тұлғаның құзыреттілік өлшемін жаңаша модельдейтін болсақ, біз «Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасында нысаналы индикаторға қол жеткізе аламыз.

Қазақстан Республикасындағы білім беру жүйесін жақсарту және білім сапасын арттыру үшін әр деңгейді аяқтаған тұлғаның нақтыланған тұлғалық сапалары және бағалау критерийлерін төмендегідей суретпен ұсынамыз.



2-сурет – Орта мектеп педагогикалық жүйесіндегі тұлға дамуының үшбұрышы

Осы суретте көрсетілгендей, орта мектеп педагогикалық жүйесіндегі тұлға дамуының үшбұрышын талдар болсақ, алдымен, білім беру жүйесіне қоғамдық тапсырыстың мақсатына мән берген дұрыс. Осы

қоғамдық мақсаттың орындалуы мінсіз болуы үшін сабақ дайындағының кезеңдеріндегі мақсат пен пәндерді оқыту мақсаты нәтижелі болуы керек. Бұл үрдістің нәтижелі болуы үшін тұлға дамуы бақы-

ланады. Бақылау түрлеріне: меңгеруді лездік бақылау, дайындықты ағымдық бақылау және білім беру қызметін ағымдық бақылау жатады. Кәсіби бағытталған жалпы білімнің қалыптасу кезеңдеріндегі оқу жоспарының орындалуы арқылы оқу пәндерінің мазмұны мен меңгеру сапасы, қызмет түрлері, қарым-қатынас формалары мен сипаты мінсіз жүзеге асырылуы негізінде мектеп оқушысының тұлғалық моделі қалыптастыруға болады.

Мектеп түлегінің моделін сөз еткенде отандық ғалымдарымыздың алдыңғы қатарында п.ғ.д., профессор Ж. А. Қараевтың

«Технология трехмерной методической системы обучения: сущность и применение» деп аталатын еңбегін де атап өту қажет. Ғалым бұл еңбегінде «Мектеп түлегінің моделін» «Бастауыш мектеп түлегінің моделі» және «Орта мектеп түлегінің моделі» деп бөле қарап, пәндік, метапәндік құзыреттіліктері мен тұлғалық сапаларын жан-жақты қарастырған [13].

Тұлға дамуының диаграммасын сызбамен көрсетуге ғалымдар бұрыннан көңіл бөліп келді. Соның бір көрінісі ретінде мына суретті үлгіге ала аламыз.



3-сурет – Тұлға дамуының диаграммасы


Байқап отырғанымыздай, тұлға дамуының деңгейін бағалауға қатысты құзыреттіліктерді сызба түрінде де, сызбасызда сөз-

бен өрнектеп те көрсете беруге болады. Маңыздысы, қалай берілуінде емес, құзыреттіліктердің толыққанды қамтылуында

және сол құзыреттіліктердің өлшеу критерийлерінің нақты көрсетілуінде. Тұлға дамуының 12 қырлы жоғарыда келтірген сұлбасын осы қалпында модель ретінде ұсынуды жөн көрмей, ҚР білім беру жүйесінің талаптарын ескере отырып, негізгісін осы суретте 8 қырлы сұлбамен беріп отырмыз. Ресей білім академиясы-

ның мүшесі, педагогика ғылымдарының докторы, профессор В. П. Беспальконың «Слагаемые педагогической технологии» деп аталатын еңбегінде тұлға құзыреттілігін жоғарыдағыдай декомпозициялағанына сүйене отырып [14], бастауыш түлегінің моделін жасауды былайша жіктеуді ұсынамыз.

Бастауыш мектеп түлегінің моделі




4-сурет – Бастауыш мектеп түлегінің моделі

Суретте бастауыш мектеп түлегінің моделі олардың бастауышта игеретін пәндерінің мазмұны арқылы қалыптасады. Сондықтан бастауышта оқытылатын пәндердің саны мен сапасы да маңызды орын алады. Көрсетілген құзыреттер барлық пәннің мазмұны арқылы жүзеге асы-

рылуы тиіс. Мазмұн ұлттық құндылықтар негізінде жасалуы керек. Суреттің ортасында тұлғаны зерттеу, зерделеу жұмыстары кезеңі берілген.

Осы ретпен **орта мектеп түлегінің моделін** жасауды былайша жіктеуді ұсынамыз.

Жалпы орта мектеп түлегінің моделі



5-сурет – Жалпы орта мектеп түлегінің моделі

Профессор В. П. Беспальконың жоғарыда көрсетілген сызбаларын талдай келе, жалпы орта мектеп түлегінің моделін жасау барысында кәсіби бағытталған жалпы білімнің қалыптасу кезеңдеріндегі оқу жоспарының орындалуы арқылы оқу пәндерінің мазмұны мен меңгеру сапасына, қызмет түрлеріне, қарым-қатынас формаларына дағдыланып, білім сапасы мінсіз меңгерілуі негізінде мектеп оқушысының тұлғалық моделін қалыптастыруға болады. Мұны біз өз кезегінде 4-5 суреттерде белгіледік. Орта білімді аяқтаған білім алушының моделінде оқытылатын пәндердің саны мен сапасы да маңызды орын алады, себебі орта білімді аяқтаған білім алушының құзыреттіліктері оқытылатын пән мазмұны арқылы да қалыптасады. Мәселен, география, биология

пәндерін оқып үйрену арқылы түлектің экологиялық сауаттылық құзыреттілігі қалыптасып дамиды. Ал тілдерді үйреніп, тіл ұстарту арқылы белсенділік дағдысы қалыптасып, сыни ойлау мен зерттеушілік қабілеттері жақсарады да, түлектің зияткерлік сапасы артады. Қазақстан тарихы, дүниежүзі тарихы, әдебиет, құқық негіздері пәндерінің мазмұнын меңгерту негізінде түлектің қоғамдағы жағдайларға өзіндік көзқарасы қалыптасады. Бұл да жалпы орта мектеп түлегі моделінің бір құзыреттілігі болып табылады.

Қорытынды

Осындай құзыреттіліктерді өлшеп, бағалап, оның көрсеткіштерін түлектің алғашқы кіріс формасында тіркей оты-

рып, тұлға дамуының қазіргі күйі анықталады. 1-11 сыныптар арасында оқытылған пәндер мен ұйымдастырылған тәрбиелік іс-шаралар арқылы тұлғаның мінсіз дамуына, яғни қоғамдық тапсырыстың орындалуына қол жеткіземіз.

Сызбада орта мектеп түлегінің моделі олардың орта мектепте игеретін пәндерінің мазмұны арқылы қалыптасады. Сондықтан орта мектепте оқытылатын пәндердің саны мен сапасы да маңызды орын алады. Көрсетілген құзыреттер барлық пәннің мазмұны арқылы жүзеге асырылуы тиіс. Мазмұн ұлттық құндылықтар негізінде жасалуы керек.

Қазіргі заманда оқушының, оған білім беретін ұстаздың білімі мен білігін, оны қолдана білу дағдыларын бағалау аса қажет. «Тәрбие мен білім егіз» деп айта жүріп, осы күнге дейін тәрбиені бағалауды қолға алмағанымыз, аса ден қоймағанымыз рас. 12 жылдық білім беру жүйесіне ену үшін, ең алдымен, осы мәселені кеңінен зерттеп, дұрыс ұйымдастыруымыз керек. Түлектің кіріс кестесі мен шығыс кестесі көрсеткіштерін нақты жинақтайтын форманы соған сәйкес ақпараттық дереккөзді, ұстаздың оқушы тәртібін бақылайтын және бағалайтын жұмыс алгоритмі нақты жазылып, ұсыныстар мен құжат түрлері белгіленіп берілуі керек. Аталған жұмыс түрін ауқымды да, терең зерттеу қажет болғандықтан, нақты қаржылай қамтамасыз етуді талап етеді. Сондықтан алдағы жоспарымызда бұл мәселенің әлемдік білім беру жүйесінде, халықаралық зерттеулерде қалай зерделенгенін қарастыра отырып, өз білім беру саламызда тәрбиені бағалау және бала тәрбиесінің ізгіленуі көрсеткіштері жинақталған форманы қалыптастыруды мақсат етеміз.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. **Селевко, Г. К.** Педагогические компетенции и компетентность //Сельская школа: рос. пед. журн. – 2004. – № 3. -С. 29-32.
2. **Мирошниченко, А. А.** Этапы квалиметрической подготовки будущих педагогов // Инновацион-

ные технологии обучения физико-математическим и профессионально-техническим дисциплинам. – 2017. – С. 232-233.

3. **Коробейникова, Е. В.** Квалиметрическая подготовка будущих учителей: дис.канд. пед. наук. – Челябинск, 2007. -173 с.
4. **Мальцев, А. В.** Формирование квалиметрической компетентности педагогических работников // Известия Уральского государственного университета. – 2009. – № 4 (68). – С.7-16.
5. **Примеров, Д. А.** Формирование оценочной компетенции студентов педагогического вуза: дис.канд. пед. наук. – Челябинск, 2012. -193 с.
6. **Фомина, Н. Б.** Формирование квалиметрической компетентности руководителя общеобразовательного учреждения в системе повышения квалификации: дис.канд. пед. наук. – Ижевск, 2010. -195 с.
7. **Юшкова, В. В.** Формирование квалиметрической компетенции будущих бакалавров технологического образования: дис. канд. пед. наук. – Ижевск, 2012. -210 с.
8. **Лернер, И. Я.** Качества знаний учащихся. Какими они должны быть? –Москва, Издательство «Знание», 1978. – 319 с.
9. **Сайлыбаев, А. А.** «Дидактические условия реализации проблемного обучения в средней школе» // Диссертация на соискание ученой степени кандидата педагогических наук, Москва, 1986. – 35 с.
10. **Динаева, Б. Б., Убайдуллаева, Г. Ж., Сагиндиков, И. У.** Білімдар ұрпақтың құзыреттілік моделін дамыту тәсілдері // Торайғыров университетінің хабаршысы. Педагогикалық серия. – Павлодар, 2022. №3. – 170-182 б.
11. Білім туралы Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 Заңы // https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319_
12. «Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы №726 қаулысы // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2100000726#z3>
13. **Караев Ж.А., Кобдикова Ж.У.** «Технология трехмерной методической системы обучения: сущность и применение». – Алматы, 2018. – 480 с.
14. **Беспалько, В. П.** Слагаемые педагогической технологии. – Москва: Педагогика, 1989. -192 с.

References

1. **Selevko, G. K.** Pedagogicheskie kompetencii i kompetentnost' //Sel'skaja shkola: ros. ped. zhurn. – 2004. – № 3. -S. 29-32.
2. **Miroshnichenko, A. A.** Jetapy kvalimetricheskoj podgotovki budushhih pedagogov // Innovacionnye tehnologii obuchenija fiziko-matemati-

- cheskim i professional'no-tehnicheskim disciplinam. – 2017. – S. 232-233.
3. **Korobejnikova, E. V.** Kvalimetriceskaja podgotovka budushhih uchitelej; dis.kand. ped. nauk. – Cheljabinsk, 2007. - 173 s.
 4. **Malcev, A. V.** Formirovanie kvalimetriceskoy kompetentnosti pedagogicheskikh rabotnikov // Izvestija Ural'skogo gosudarstvennogo universiteta. – 2009. – № 4 (68). – S. 7-16.
 5. **Primerov, D. A.** Formirovanie ocenочноj kompetencii studentov pedagogicheskogo vuza: dis.kand. ped. nauk. – Cheljabinsk, 2012. - 193 s.
 6. **Fomina, N. B.** Formirovanie kvalimetriceskoy kompetentnosti rukovoditelja obshheobrazovatel'nogo uchrezhdenija v sisteme povyshenija kvalifikacii: dis.kand. ped. nauk. – Izhevsk, 2010. -195 s.
 7. **Jushkova, V. V.** Formirovanie kvalimetriceskoy kompetencii budushhih bakalavrov tehnologicheskogo obrazovaniya: dis. kand. ped. nauk. – Izhevsk, 2012. -210 s.
 8. **Lerner, I. Ja.** Kachestva znanij uchashhihsja. Kakimi oni dolzhny byt'? –Moskva, Izdatel'stvo «Znanie», 1978. – 319 s.
 10. **Sajlybaev, A.A.** «Didakticheskie uslovija realizacij problemnogo obuchenija v srednej shkole» // Dissertacija na soiskanie uchenoj stepeni kandidata pedagogicheskikh nauk, Moskva, 1986. – 35 s.
 11. **Dinaeva, B. B., Ubaidullaeva, G. J., Sagindikov, İ. U.** Bilımdar ürapqıyñ qūzyrettılık modelin damytu tāsılderı // Toraiğyrov universitetiniñ habarşysy. Pedagogikalyq seria. – Pavlodar, 2022. №3. – 170-182 b.
 12. Bilim turaly Qazaqstan Respublikasynyñ 2007 jylğy 27 şildedegı № 319 Zańy // https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319_
 13. «Bilımdı ült» sapaly bilim beru» ülttyq jobasyn bekitu turaly Qazaqstan Respublikasy Ükimetiniñ 2021 jylğy 12 qazandağy № 726 qaulysy // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2100000726#z3>
 14. **Karaev, ZH. A., Kobdikova, ZH. U.** «Tekhnologiya trekhmernoj metodicheskoy sistemy obucheniya: sushchnost' i primenenie». – Almaty, 2018. – 480 s.
 15. **Bespal'ko, V. P.** Slagaemye pedagogicheskoy tehnologii. – Moskva: Pedagogika, 1989. -192 s.

Компетентностная модель выпускника средней школы

И. У. Сагындыков¹

¹Национальная академия образования им. Алтынсарина
Республика Казахстан, г. Астана



Аннотация. Статья представляет собой исследование компетенций, необходимых выпускникам для успешного завершения среднего образования. В статье использовались методы качественного анализа, синтеза и моделирования источников для определения источников ключевых компетенций, которые должен иметь выпускник средней школы, а также для построения модели выпускника с целью оценки и улучшения системы образования. Кроме того, проводится качественный анализ компетенций, необходимых для успешного завершения среднего образования. Предлагается компетентностная модель выпускника, которая позволяет видеть взаимосвязь и взаимодействие между компетенциями, прогнозировать и оценивать эффективность образовательных программ и методов обучения. Статья может быть полезна учителям, ученым и специалистам в области образования, которые заинтересованы в развитии системы образования и определении ключевых компетенций, необходимых для успешного завершения среднего образования.




Ключевые слова: выпускник школы, компетенция, модель, оценка, развитие.

The competence model of a high school graduate

I. U. Sagyndykov¹

¹Altynsarin National Academy of Education
Republic of Kazakhstan, Astana

 **Annotation.** The article is a study of the competencies necessary for graduates to successfully complete secondary education. The article used methods of qualitative analysis, synthesis and modeling of sources to determine the key competencies that a high school graduate should have, as well as to build a graduate model in order to evaluate and improve the education system. In addition, a qualitative analysis of the competencies necessary for the successful completion of secondary education is carried out. Offers a model of graduate competencies that allows you to see the relationship and interaction between competencies, predict and evaluate the effectiveness of educational programs and teaching methods. The article may be useful for teachers, scientists and specialists in the field of education who are interested in the development of the education system and the definition of key competencies necessary for the successful completion of secondary education.

 **Keywords:** school graduate, competence, model, assessment, development.

Материал баспаға 12.01.2023 ж. келіп түсті.